

ERG-ДІҢ КОРПОРАТИВТІК ТӘРТІП КОДЕКСІ

Бас атқарушы директордың кіріспе сөзі

Кәсіпорындары, кеңселері мен қызметкерлері төрт құрлықтың түрлі елінде орналасқан Eurasian Resources Group-мен (бұдан әрі - ERG¹) халықаралық компания ретінде аса жоғары іскерлік, операциялық және этикалық стандарттарды сақтау бейілділігі күтіледі. Бұл бізден кәсіпорындарымыз орналасқан барлық елдердің заңнамаларын сақтауды талап етеді. Біз өз стейкхолдерлеріміздің алдында өзіміздің іс-әрекеттеріміз үшін жауаптымыз және өз қызметімізді этикалық нормаларға сәйкес жүзеге асыруға ұмтыламыз.

Іскерлік этика мен кәсібиліктің аса жоғары стандарттарын сақтау біздің негізгі міндеттеріміздің бірі деп білеміз. Бұл стандарттар ERG-дің корпоративтік тәртіп кодексінде баяндалған және біздің барлық атқарып отырған жұмысымызда басшылыққа алынады. Корпоративтік тәртіп кодексі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды, адам құқықтарын, теңдікті, мүдделер қақтығысын, құпия ақпарат пен дербес деректерді қорғауды қоса алғанда, негізгі құқықтық, моральдық және этикалық мәселелер жөніндегі біздің стандарттарымыз бен саясаттарымызды айқындайды және Менеджерлер кеңесі, кез келген лауазымдағы барлық ERG қызметкерлері, сондай-ақ әлемнің әр түкпіріндегі ERG контрагенттері үшін де міндетті болып табылады.

ERG өзінің корпоративтік мәдениетінің негізін қалыптастыратын және Топтың бизнес жүргізу қағидаттарын айқындайтын - Қауіпсіздік, Бірлік, Тиімділік, Даму және Жауапкершілік атты 5 негізгі құндылықты бекітті.

ERG кәсіпорындары парақорлық пен сыбайлас жемқорлық тәуекелінің деңгейі жоғары бірқатар елдерде жұмыс істеп келеді. Топ парақорлық пен сыбайлас жемқорлықтың ешбір көрінісін қабылдамайды. Атап айтқанда, қолданыстағы заңнамаға қарамастан, Топтың саясаты кез келген нысанда және кез келген мақсатта пара ұсынуға, талап етуге, беруге немесе қабылдауға қатаң тыйым салады.

Біз бірлескен күш-жігерімізбен өз Кодексіміздің сақталуын қамтамасыз етуге және кез келген лайықсыз тәртіп жағдайлары туралы хабарлауға міндеттіміз. Топ барлық қызметкерлерге заң қызметіне, комплаенс қызметіне немесе ERG-дің жедел желісіне жүгіну арқылы өздеріне қарсы шаралар қабылданудан қорықпай, сұрақтар қоюға және мәселелер туралы еркін хабарлауға мүмкіндік беретін ашық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру қамында жүйелі жұмыс атқарып келеді.

*Бенедикт Сobotка
Бас атқарушы директор*

¹ Кодекстегі «ERG», «Компания» немесе «Топ» атаулары Eurasian Resources Group S. à r.l. мен оның барлық еншілес компанияларын, және де оның бақылауындағы компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарды білдіреді.

АНЫҚТАМАЛАР

«Агент» – мемлекеттік органдармен, кедендік, клирингтік және лоббистік агенттермен келіссөздер жүргізуді қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, стратегиялық мәселелер бойынша келіссөздер жүргізуге, Компанияның атынан өкілдік етуге немесе оның атынан әрекет етуге уәкілетті үшінші тұлға (жеке немесе заңды тұлға). Егер мұндай үшінші тұлғаның Компанияны міндеттемелермен байланыстыруға немесе Компанияның атынан келіссөздер жүргізуге немесе мәлімдемелер жасауға мүмкіндігі болмаса, онда бұл қызмет адал кәсіби консультацияларды немесе Компанияға әдеттегі қызмет барысында көрсетілетін қызметтерді қамтымайды.

«Іскер серіктес» немесе «Контрагент» - ERG бизнес жүргізетін немесе ERG үшін немесе оның атынан қызмет көрсететін жеке немесе заңды тұлға, жеке кәсіпкер.

«Қызметкерлер» - кез келген лауазымдағы ERG-дің барлық қызметкерлері.

«Формальдылықты оңтайландырғаны үшін сыйақы» - әдетте орындалатын іс-қимылдарды қамтамасыз ету немесе оңайлатылған тәртіппен жасау және/немесе мөлшеріне немесе жиілігіне қарамастан кез келген формальды стандартты рәсімдерді орындауды жеделдету мақсатында төлемдерді жүзеге асыру немесе тауарлар беру.

МІНДЕТТЕМЕЛЕР ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ

ERG-дің Менеджерлер кеңесі (бұдан әрі – Менеджерлер кеңесі) Топтың барлық бөлімшелерінде заңсыз және лайықсыз тәртіптің кез келген түріне, сондай-ақ парақорлық пен сыбайлас жемқорлықты қоса алғанда, қандай да бір қаржылық қылмыстарға мүлдем төзбеушілік мәдениетін ілгерілетуді берік ұстанады.

ERG-дің бизнес жүргізу кезіндегі ұстанатын негізгі қағидаты - өз қызметінің барлық түрлерінің барлық қолданыстағы заңдар мен нормаларға, сондай-ақ іскер тәртіптің ең жоғары этикалық стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз етуден тұрады. Осыған байланысты, Компания ERG-дің корпоративтік тәртіп кодексін әзірледі, ал Менеджерлер кеңесі оны бекітті.

Кодексте баяндалған іскерлік тәртіп стандарттары Компанияның әлемнің әр түкпіріндегі барлық Қызметкерлері үшін міндетті болып табылады. Біздің Менеджерлер кеңесінің мүшелері де осы стандарттардың талаптарын сақтайды.

Басшылықтың міндеттері

ERG басшылығы іскерлік тәртіптің аса жоғары этикалық стандарттарын енгізуге және қолдауға міндетті. Басшылар ашық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруды қоса алғанда, заңнама талаптарын және ERG-дің моральдық қағидаттарын мүлтіксіз сақтауға бейілділігін жеке үлгі ретінде көрсетуі тиіс. Басшылар Қызметкерлердің Кодекстің, ERG саясаттарының және қолданыстағы заңнаманың ережелерін түсінетініне көз жеткізуге және басшыларға кез келген сәйкессіздіктер туралы хабарлауға міндетті.

Компания басшылығының міндеттеріне әлеуетті мәселелерге, ереже бұзушылықтарға, олқылықтар мен сәйкессіздіктерге тиімді әрекет ету арқылы оларды анықтауға, алдын алуға

немесе жеңілдетуге мүмкіндік беретін бизнес - тәуекелдерді басқару жүйесін құру кіреді.

Қызметкерлердің міндеттері

ERG-дің әрбір қызметкері мыналарға міндетті:

- Кодекстің, саясаттардың және өзінің лауазымдық міндеттеріне қатысты заңдардың ережелерімен танысуға, осы ережелерді сақтауға және олардың жүзеге асырылуына ықпал етуге;
- Оларды қолдану тәртібін түсінуге;
- Кодексті бұзудың кез келген нақты немесе ықтимал жағдайлары туралы тиісті арналар арқылы дереу хабарлауға.

ERG және оның Іскер серіктестері

ERG бизнесті аса жоғары этикалық стандарттарға сәйкес жүргізу міндеттемесін қабылдады. Бұл міндеттеме Кодексте баяндалған және ERG өзінің іскер серіктестерінен осы міндеттемеге сай болуын және ERG Кодексін немесе оған теңестірілген құжатты, сондай-ақ барлық қолданылатын заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді сақтауын талап етеді.

Компания, сондай-ақ жеткізушілерден жеткізілім тізбегін этикалық қағидаларға сәйкес жауапты басқаруды қамтамасыз етуге қатысты біздің үмітіміз көрсетілген ERG жеткізушілерінің тәртіп кодексін қабылдады.

ERG өзінің Іскер серіктестерінің қолданыстағы заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді, ERG Кодексін немесе балама құжат ережелерін сақтауына мониторинг жүргізуге және Іскер серіктестері бизнес жүргізетін стандарттардың ERG қабылдаған және қолданатын ең жоғары стандарттарға сәйкес келетіндігіне кепілдік беру үшін өзінің Іскер серіктестерінің этикалық тұрғысынан туындауы мүмкін мәселелерді жеңілдету және/немесе жою үшін дереу тиісті түзету шараларын қабылдауға міндеттенеді.

ТОПТЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ СИПАТТАМАСЫ:	ІС-ЖҮЗІНДЕ БҰЛ:
Қауіпсіздік • Бізге қауіпсіздік бәрінен маңызды • Біз барлық Қызметкерлеріміз бен мердігерлерімізге қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етеміз, жарақаттанудың барлық түрінің алдын алу үшін тұрақты жұмыс істейміз	• Қызметкерлеріміз бен мердігерлеріміздің, сондай-ақ басқа да тұлғалардың қауіпсіздігі сөзсіз басымдық • Ешбір мақсат қауіпсіздік талаптарын бұзуды немесе адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіруді ақтай алмайды • Қауіпті тәртіпті болдырмау және қауіпсіз тәртіптің үлгісі болу

Бірлік • Біз бір жанашыр команда ретінде жұмыс істейміз – алға қойған мақсаттарымызға бірге қол жеткіземіз • Біз кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлердің мәдени салт-дәстүрін құрметтейміз	• Топтың мүддесі үшін бірлесіп әрекет ету • Біздің көмегіміз немесе қолдауымыз қажет болған кезде әрекет ету • Біліммен және тәжірибемен бөлісу • Топтағы лауазымына қарамастан әріптестеріне кері байланыс беруге және алуға дайын болу • Кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлердің мәдениетін, тарихы мен дәстүрін құрметтеу • Бір-бірінің кәсібилігін құрметтеу
Тиімділік • Біз жұмыс үшін емес, нәтиже үшін жұмыс істейміз • Нәтижеге қол жеткізе отырып, біз өз ресурстарымызға мұқият ұқыптылықпен қараймыз • Біз аса маңыздысына басымдық береміз • Біз құндылық әкелмейтін іске күш-жігер шығындамаймыз	• Нәтижеге қол жеткізбейінше, мақсаттарға сенімді түрде жылжу • Қызметкерлеріміздің уақыты мен еңбегіне, сондай-ақ сеніп тапсырылған ресурстарға (жабдықтарға, шикізаттар мен материалдарға) ұқыпты қарау • Басты міндеттерге назар аудару және аса маңызды бастамаларды іске асыруға барынша күш салу • Қызметкерлердің өзара іс-қимылдары үшін тосқауылдар мен артық кедергілерді жою • Нәтижеге бағытталмаған жұмысқа кететін уақытты азайту
Даму • Біз өз Қызметкерлерімізді бағалаймыз және олардың дамуына жағдай жасаймыз • Біз жаңа технологияларды ұтымды енгіземіз және ұйым ретінде дамимыз • Біз Топтың орнықты дамуын қамтамасыз етеміз	• Кәсіби және тұлғалық даму үшін әділ жағдайлар жасау • Өзгерістерге деген ұмтылысты дамыту • Заман ағымына қарай ілесіп жүру, жаңа тенденцияларды ұстану, жаңа идеяларды ұсыну және енгізу • Шешім қабылдау кезінде қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді әсер ретінде ескеру

Жауапкершілік

- | | |
|---|---|
| <ul style="list-style-type: none"> • Біз өз Қызметкерлеріміз, олардың отбасылары, клиенттеріміз, серіктестеріміз, акционерлеріміз және қоғам алдындағы міндеттемелерімізді орындаймыз • Біз өзімізге сеніп тапсырылған ресурстар мен қоршаған ортаға жауапкершілікпен қараймыз • Біз Топта, сондай-ақ Іскер серіктестермен және клиенттермен өзара сенім мен құрмет мәдениетін құрамыз | <ul style="list-style-type: none"> • Өз жұмысының және өз командасы жұмысының нәтижесіне жауап беру • Әріптестердің, серіктестердің, клиенттердің және басқа да стейкхолдерлердің қажеттіліктерін түсіну және оларға үн қату • Топтың оң имиджін қалыптастыруға ықпал ету • Экологиялық және әлеуметтік әсер етуді мұқият басқару және бізге сеніп тапсырылған ресурстарға ұқыпты қарау • Шешім қабылдау және ашық, адал әрі лайықты әрекет ету • Барлық деңгейде ашық коммуникациялар құру |
|---|---|

ERG-ДІҢ ІСКЕРЛІК ТӘРТІП СТАНДАРТТАРЫНА ШОЛУ

Негізге алынатын қағидат

- 1 Қызметкерлер мен Агенттер Компанияның мүддесін барынша ескере отырып, адал және шынайы әрекет етуге, сондай-ақ өз міндеттерін орындау кезінде ақыл-парасатты басшылыққа алуға міндетті.

Бизнес және қаржы

- | | | |
|---|---|--|
| 2 | Заңдарды, қағидалар мен нормаларды сақтау | Қызметкерлер қолданылатын барлық заңдарды, Кодексті, Компанияның саясаты мен рәсімдерін сақтауға міндетті. |
| 3 | Парақорлыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл | ERG парақорлық пен сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне белсенді түрде қарсы тұрады және өз қызметі барысында парақорлықтың алдын алу үшін процестер мен рәсімдерді енгізді. |
| 4 | Сыйлықтар және мәдени ойын-сауық іс-шаралары | Қызметкерлер заңсыз немесе орынсыз сыйлықтар немесе іскер қонақжайлылық белгілерін ұсынбауы немесе қабылдамауы керек. |
| 5 | Мүдделер қақтығысы | Қызметкерлер ERG-дің мүддесіне қайшы келетін немесе Компаниямен бәсекелесетін қызметке қатыспауы керек. |
| 6 | ERG жарналары (саяси және саяси емес мақсаттарға) | Әдетте, ERG саяси мақсаттарға қайырымдылықтар немесе жарналар жасамайды. Саяси емес мақсаттарға жарналарды немесе қайырымдылықтарды жүзеге асыру ERG-дің саясаттары мен рәсімдеріне сәйкес қажетті келісімдер алуды талап етеді. |

Әлеуметтік жауапкершілік

- | | | |
|---|---|---|
| 7 | Жұмысқа орналастырудың әділ тәжірибесі | Қызметкерлерге деген қарым-қатынас қолданыстағы еңбек заңнамасына толық сәйкес келуі керек. |
| 8 | Өнеркәсіп қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау | ERG қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге және қоршаған ортаға және кәсіпорындары орналасқан өңірлердің тұрғындарына қолайсыз әсерді ақылға қонымды және іс жүзінде жүзеге асырылатын шамада болғызбауға міндеттенеді. |
| 9 | Адам құқықтары | ERG адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттарды ұстанады және біздің қызметімізбен немесе онымен байланысты көрсетілетін адам құқықтарына ықтимал қолайсыз әсерді анықтау, алдын алу және азайту қамында жүйелі жұмыс жүргізеді. |

Ақпарат

- | | | |
|----|--------------------------|---|
| 10 | Дербес деректерді қорғау | ERG өзінің Қызметкерлері мен үшінші тұлғаларының дербес деректерін қорғауды қамтамасыз етеді. |
|----|--------------------------|---|

- | | | |
|----|--|---|
| 11 | Құпия ақпаратты қорғау және ақпаратты жіктеу | Қызметкерлер ERG-дің құпия ақпаратын қорғауға міндетті. АТ-жүйелерін тек ERG-дің іскер мақсаттары үшін пайдалану керек. |
| 12 | Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік | Операциялар тиісті түрде авторизацияланған әне құжатталған болуы керек; тиісті есептілік жүргізілу қажет. |

Іскер серіктестер

- | | | |
|----|---|--|
| 13 | Бәсекелестік | ERG өз қызметін қолданыстағы бәсекелестікті қорғау туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асыруға міндетті. |
| 14 | Халықаралық сауда, экспорттық бақылау және санкциялар | ERG қолданыстағы халықаралық сауда заңнамасын, қолданылатын санкциялар бағдарламаларын және экспорттық бақылау туралы заңдарды сақтауға міндетті. |
| 15 | Ақша қаражатын жылыстатуға қарсы іс-қимыл | ERG қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласында қолданылатын заңдарды және өзге де нормативтік құқықтық актілерді сақтауға міндетті. |
| 16 | Контрагенттермен өзара іс-қимыл және оларға күдікті операциялар туралы хабарлау | Коммерциялық операциялар құқықты және заңды болуы керек, ал контрагенттер тиісті түрде сәйкестендірілуі, тексерілуі, келісілуі және мониторингілеуге алынуы қажет. Іскер серіктестер ERG Кодексінің, сондай-ақ саясаттары мен рәсімдерінің талаптарын (Компанияның ұсыныстарына сәйкес), соның ішінде тиісті жағдайларда ERG жеткізушілерінің тәртіп кодексін сақтауға міндетті. |

Жалпы ережелер

- | | | |
|----|---|---|
| 17 | Бұзушылықтар туралы хабарлама | Қызметкерлер заңдардың, Компания Кодексінің, саясаттары мен рәсімдерінің сақталмауына байланысты алаңдаушылық пен мәселелердің кез келген негіздері туралы хабарлауы керек. |
| 18 | Талаптарды сақтамау және ерекше жағдайлар | Заңнама талаптарын, Компанияның Кодексін, саясаттары мен рәсімдерін бұзатын Қызметкерлер мен Іскер серіктестер жұмыстан босатуға немесе шартты бұзуға дейін апаратын тиісті тәртіптік жазаға тартылады. |

1. НЕГІЗГЕ АЛЫНАТЫН ҚАҒИДАТ

Қызметкерлер мен Агенттер Компанияның ең жақсы мүддесі үшін адал және шынайы ниетпен әрекет етуге, сондай-ақ өз міндеттерін орындау кезінде ақыл-парасатты басшылыққа алуға міндетті.

Атап айтқанда, олар аса жоғары этикалық стандарттарды ұстануға және заңнама талаптарын сақтауға міндетті.

БИЗНЕС ЖӘНЕ ҚАРЖЫ

2. ЗАҢДАРДЫ, ҚАҒИДАЛАР МЕН НОРМАЛАРДЫ САҚТАУ

ERG өз қызметін әлемнің көптеген елдерінде жүзеге асырады. Тиісінше, Компанияның қызметі ұлттық және халықаралық заңнамамен реттеледі. ERG-дің саясаты Компания кәсіпорындары орналасқан елдердің барлық қолданыстағы заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің сақталуын көздейді.

Кейбір жағдайларда екі немесе одан да көп елдің қолданыстағы заңнамасының ережелері арасында қайшылықтар туындауы мүмкін. Мұндай жағдайларда Қызметкерлер құқықтық қақтығыстарды шешуге ұсыныстар беретін Компанияның заң кеңесшісіне жүгінуге міндетті.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МЫНАЛАРҒА МІНДЕТТІ

ӘРҚАШАН:

- Қолданылатын заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді, лауазымдық міндеттеріне қатысты және оларға жеке немесе ERG қызметіне қатысты қолданылатын Компанияның Кодексін, саясаттары мен рәсімдерін түсінуге және сақтауға.
- Өз жұмысыңызда нақты Заңды, Компанияның Кодексін, саясаты мен рәсімдерін қалай қолдану керектігі жөнінде күмән туындаған жағдайларда кеңес алу үшін Компанияның заң кеңесшісіне немесе комплаенс жөніндегі маманына жүгінуге.
- Әр елдің заңдары арасында қайшылықтар болған немесе заңмен белгіленген жеке міндеттемелер Компанияның міндеттемелеріне қайшы келетін жағдайларда кеңес алу үшін Компанияның заң кеңесшісіне немесе комплаенс жөніндегі маманына жүгінуге.

3. ПАРАҚОРЛЫҚҚА ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

ERG парақорлық пен сыбайлас жемқорлықтың ешбір түрін қабылдамайды, парақорлыққа және сыбайлас жемқорлыққа қатыспайды және олардың ешқандай көріністеріне жол бермейді. Компанияның саясатымен кез келген жеке немесе заңды тұлғаға, мемлекеттік билік органына немесе мемлекеттік қызметкерге не олардың өкілдеріне формальдылықтарды оңайлатқаны үшін сыйақыны қоса алғанда, кез келген нысанда және кез келген мақсатта пара ұсынуға немесе беруге, сондай-ақ олардан тікелей немесе үшінші тұлғалардың делдалдығы арқылы пара талап етуге немесе қабылдауға тыйым салынады.

Барлық тиісті жағдайларда Қызметкерлер ERG үшін парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа жол берілмейтіні жөнінде нақты түсінік берулері тиіс.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МЫНАЛАРҒА МІНДЕТТІ

ӘРҚАШАН:

- Компанияның Парақорлыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясатын, сондай-ақ парақорлыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі қолданылатын барлық халықаралық заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарын, сондай-ақ Компанияның қызметі жүзеге асырылатын елдердің заңнамасын сақтауға.
- Өзін және Компанияны парақорлық пен сыбайлас жемқорлық қаупінен қорғау үшін бір жағдайларда өзін қалай ұстау керектігі туралы толығырақ нұсқаулар берілген Сыйлықтар және мәдени ойын-сауық іс-шаралар саясатын сақтауға.
- Агенттерді тартуға байланысты парақорлық пен сыбайлас жемқорлық тәуекелін қалай төмендетуге қатысты толығырақ нұсқаулар берілген Агенттердің корпоративтік нормалар мен ережелерді сақтауын қамтамасыз ету саясатын сақтауға.
- КӘЖ және демеушілік саласындағы жобаларды іске асыру кезінде парақорлық пен сыбайлас жемқорлық тәуекелін қалай төмендетуге қатысты толығырақ нұсқаулар берілген КӘЖ және демеушілік қолдау саласындағы жобалар саясатын сақтауға.
- Формальдылықтарды жеңілдету үшін Компанияның сыйақыларға тыйым салуға қатысты қағидаларын сақтауға.
- 17-бөлімде баяндалған рәсімге сәйкес одан әрі нұсқаулар алуға және тиіссіз төлемдерге/пайдаларға қатысты алаңдаушылықтың кез келген негіздері туралы немесе парақорлық немесе сыбайлас жемқорлық жасады деген күдік туралы хабарлауға.

ЕШҚАШАН:

- Кез келген тұлғаға кез келген нысанда пара ұсынбауға немесе бермеуге.
- Кез келген тұлғадан кез келген нысанда пара алмауға және талап етпеуге.

ERG Қызметкерлерінің немесе Іскер серіктестерінің қатысуымен нақты немесе әлеуетті парақорлық немесе сыбайлас жемқорлық анықталған жағдайда мұндай оқиғалар Кодекстің 17-бөліміне сәйкес хабарлануы тиіс. Барлық осындай оқиғалар Компанияның оқиғаларды тергеу жөніндегі рәсімдеріне сәйкес тіркеледі және тексеріледі. ERG-дің Парақорлыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын бұзған кез келген Қызметкер немесе Іскер серіктес жұмыстан босатуды немесе шартты бұзуды қоса алғанда (тиісінше) тәртіптік жазаға, сондай-ақ азаматтық-құқықтық немесе қылмыстық жауапқа тартылуы мүмкін.

Бөлімге комплаенс саясаттар:

- Парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты
- Сыйлықтар және мәдени ойын-сауық іс-шаралар саясаты
- Агенттердің корпоративтік нормалар мен ережелерді сақтауын қамтамасыз ету саясаты
- КӘЖ және демеушілік қолдау саласындағы жобалар саясаты

4. СЫЙЛЫҚТАР ЖӘНЕ МӘДЕНИ ОЙЫН-САУЫҚ ІС-ШАРАЛАРЫ

Компанияның барлық Қызметкерлері ERG-дің Сыйлықтар және мәдени ойын-сауық іс-шаралар саясатының талаптарын сақтауға міндетті.

ERG-дің Сыйлықтар және мәдени ойын-сауық іс-шаралар саясаты мен қолданыстағы заңнама талаптарын сақтаған жағдайда ғана үшінші тұлғаларға сыйлықтар беруге немесе олардан алуға, сондай-ақ іскер қонақжайлылық белгілерін қабылдауға немесе көрсетуге болады.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МЫНАЛАРҒА МІНДЕТТІ

ӘРҚАШАН:

- Компанияның Сыйлықтар және мәдени ойын-сауық іс-шаралар саясатының талаптарын сақтауға.
- Белгіленген лимиттерге қарамастан, ERG-дің Парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қоса алғанда, қолданыстағы саясаттың ережелеріне сәйкес орынсыз немесе негізсіз болып көрінетін қандай да бір сыйлықтарды немесе іскер қонақжайлылық белгілерін қабылдамауға.

ЕШҚАШАН:

- Жеткізушілерден, сатып алушылардан, тапсырыс берушілерден немесе кез келген өзге тұлғалардан сыйлықтар талап етпеуге. Егер жеткізуші немесе мердігер сыйлықтар немесе іскер қонақжайлылық ұсынса, Қызметкерлер өздерінің тікелей басшысына немесе комплаенс маманына хабарласып, Сыйлықтар және мәдени ойын-сауық саясатына сәйкес қажетті келісімдер алуы керек.
- Кез келген тұлғаға сыйлықтар беруге немесе сыйлауға және алушыға қандай-да бір міндеттер жүктеу сезімін тудыратын іскер қонақжайлылық белгілерін көрсетпеуге; ERG-дің іскерлік артықшылықтарын алу немесе сақтау мақсатында ешкімді өз міндеттерін тиісінше орындамауға итермелемеуге.

Бөлімге комплаенс саясаттар:

- Сыйлықтар және мәдени ойын-сауық іс-шаралар саясаты
- Парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты

5. МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ

Компанияның Қызметкерлері қашанда ERG-дің мүдделерін барынша ескере отырып, әрекет етуге міндетті. Қызметкерлердің жеке мүдделері олардың іскер пікірлеріне немесе Компанияның атынан шешім қабылдауға ешқашан әсер етпеуі керек. Қызметкерлер, сондай-ақ олардың жеке мүдделері мен Компанияның мүдделері арасындағы қақтығысқа әкелуі мүмкін жағдайлардан аулақ болулары керек.

Қызметкерлер нәтижесінде Компанияның активтері мақсатсыз, жеке пайда алу немесе басқа жолмен Топтың бизнес жүргізу мақсаттарынан басқа кез келген мақсаттар түрінде пайдаланылатын немесе пайдаланылуы мүмкін Компанияның операцияларына немесе қызметіне қайшы келетін немесе бәсекелес болатын коммерциялық операцияларға немесе қызметтерге қатыспаулары керек.

Компания ERG Қызметкерлерінің Компаниямен еңбек қатынастары шеңберінен тыс заңды қаржылық, кәсіпкерлік және өзге де қызметке қатысу құқығын таниды. Алайда, мұндай қызмет заңды болуы қажет және олардың ERG Қызметкерлері ретіндегі міндеттеріне қайшы келмеуі тиіс.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МЫНАЛАРҒА МІНДЕТТІ

ӘРҚАШАН:

- Мүдделер қақтығысын болдырмау саясатының және Байланысты тараптармен шарттарға қатысты саясатының талаптарын сақтауға.
- Сыйлықтар және мәдени ойын-сауық іс-шаралар саясатының талаптарын сақтауға және үшінші тұлғалардан қандай да бір пайда алу мүдделер қақтығысының туындауына әкеп соғатын іс-әрекет ретінде бағаланбайтынына көз жеткізуге.
- Өзінің тікелей басшысына мүдделердің кез келген нақты немесе ықтимал қақтығысы туралы дереу хабарлауға және қажет болған жағдайда, мүдделер қақтығысының ықпалында болуы мүмкін операцияға, шартқа немесе өзге де әрекеттерге қатысты белсенді қатысудан және шешімдер қабылдаудан бас тартуға немесе қалыс қалуға.

ЕШҚАШАН:

- Мүдделер қақтығысын болдырмау туралы саясатында рұқсат етілген жағдайларды қоспағанда, Компанияның активтерін мақсатсыз немесе жеке пайда не отбасы мүшелерінің және де басқа байланысты тараптардың пайдасы үшін пайдаланбауға.
- Мүдделердің нақты немесе болжамды қақтығысының туындауына әкеп соғатын қосымша жұмыс істемеуге.
- Жеке басының немесе отбасы мүшелері мен басқа да байланысты тараптардың пайдасы үшін өзінің лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдаланбауға және ERG-дің құпия ақпаратын пайдаланбауға.
- Алдын ала келісусіз Компанияның контрагенттері немесе бәсекелестері болып табылатын үшінші тұлғалардың пайдасына кәсіпкерлік қызметке қатыспауға, жұмыстар орындамауға және қызметтер көрсетпеуге.
- Өз жағдайын өз отбасы мүшелерінің немесе байланысты тараптардың бірінің жұмысқа орналасуына қол жеткізу немесе олардың сыйақы мөлшері мен оларды жұмысқа орналастырудың басқа да шарттары туралы шешім қабылдауға ықпал ету үшін пайдаланбауға.
- Жұмыс уақытында жеке бизнесті жүргізбеуге.

Бөлімге комплаенс саясаттар:

- Мүдделер қақтығысын болдырмау саясаты
- Байланысты тараптармен шарттарға қатысты саясаты
- Сыйлықтар және мәдени ойын-сауық іс-шаралар саясаты

6. ERG ЖАРНАЛАРЫ (САЯСИ ЖӘНЕ САЯСИ ЕМЕС МАҚСАТТАРҒА)

Компания өз Қызметкерлерінің саяси қызметке қатысу құқықтарын құрметтейді және қолдайды. Алайда, Қызметкерлер мұндай қызметпен жұмыс уақытында немесе Компанияның ресурстарын пайдалана отырып және өздерінің лауазымдық міндеттерін тиімді атқаруға зиян келтіре отырып, айналыспаулары тиіс.

Қандай да бір саяси партияға кірген Қызметкерлер мұндай қызметті Компанияның атынан емес және оған байланысты емес, оны тек өз атынан жүзеге асыратынын нақты мәлімдеуі керек. Қандай да бір күмән келтірмеу үшін Қызметкерлердің саяси мақсаттарға жеке жарналары өтелмейді.

ERG Менеджерлер кеңесімен келісуге жататын ерекше жағдайларды қоспағанда, саяси мақсаттарға жарналарды тікелей немесе жанама түрде жүзеге асырмайды. Саяси мақсаттарға кез келген жарналардың жүзеге асырылуы ERG Тобындағы өкілеттіктерді бөлу туралы ережеге және қолданыстағы заңнамаға сәйкес келісілуі керек.

Саяси емес мақсаттарға жарналар, демеушілік қолдау, қайырымдылық ұйымдарына немесе әлеуметтік бағдарламаларға арналған қайырымдылықтар мен жарналар алдын ала келісім ала отырып, КӘЖ және демеушілік қолдау саласындағы жобалар саясатын қоса алғанда, Компанияның саясаттары ережелеріне сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МЫНАЛАРҒА МІНДЕТТІ

ӘРҚАШАН:

- Қандай да бір саяси көзқарастарының Компанияның емес, өздерінің жеке пікірі екенін нақты мәлімдеуге.
- Компанияның кез келген қайырымдылық көмек көрсетуі жөніндегі жобаларға, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік, демеушілік қолдау немесе қайырымдылық саласындағы өзге жарналар үшін қажетті келісулер алуға.

ЕШҚАШАН:

- ERG-дегі өзінің лауазымдық жағдайын біреуді саяси мақсаттарға жарналар салуға немесе қандай да бір саяси партияларға немесе саясаткерлерге қолдау көрсетуге итермелеу үшін пайдаланбауға.
- Тиісті келісім алынған жағдайларды қоспағанда, ERG-дің мүлкін пайдаланбауға, сондай-ақ оны саяси мақсаттарда пайдалануды ұсынбауға және рұқсат етпеуге.
- Компанияның алдында лауазымдық міндеттерді орындау кезінде немесе Компанияның атынан қандай да бір іс-әрекеттерді орындау барысында саяси қызметпен айналыспауға.

Бөлімге комплаенс саясаттар:

- КӘЖ және демеушілік қолдау саласындағы жобалар саясаты
- Парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты

ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

7. ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУДЫҢ ӘДІЛ ТӘЖІРИБЕСІ

ERG еңбек қатынастарына қатысты барлық мәселелерде Қызметкерлерге әділ және бейтарап қарауға, сондай-ақ Компания өз қызметін жүзеге асыратын елдердің қолданыстағы еңбек заңнамасын сақтауға тырысады.

Бұл бірлесу еркіндігіне, жеке өмірге қол сұқпау құқықтарының іске асырылуын реттейтін, ұжымдық келіссөздер жүргізу құқықтарын тануды қамтамасыз ететін және мәжбүрлі, міндетті, сондай-ақ балалар еңбегін пайдалануға тыйым салатын заңдардың сақталуын талап етеді.

ERG нәсіліне, діни көзқарасына немесе нанымына, жынысына, жыныстық бағдарына, жүктілігіне немесе аналығына, мүгедектігіне немесе жасына байланысты белгілері бар, бірақ олармен шектелмей, қандай да бір белгілері бойынша кемсітушіліктен және қысымшылықтан емін-еркін жұмыс ортасын қамтамасыз етеді.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МЫНАЛАРҒА МІНДЕТТІ

ӘРҚАШАН

- Еңбек қатынастарын реттейтін барлық қолданылатын заңдарды және өзге де нормативтік құқықтық актілерді сақтауға.
- Нәсіліне, терісінің түсіне, діни немесе ұлттық тиесілігіне, жынысына, жыныстық бағдарына, жасына, мүгедектігінің болуына, ардагер мәртебесіне немесе кемсітуден заңмен қорғалатын басқа да белгілеріне қарамастан қызметкердің жұмыс көрсеткіштері, біліктілігі және лауазымына қойылатын талаптарға сәйкестігі негізінде жұмысқа алу, оқыту, қызметте жоғарылату, тәртіптік жазалау шаралары, бағалау, сыйақы беру, жұмыстан босату және жұмысқа орналастырудың басқа да шарттары туралы шешімдер қабылдауды қамтамасыз етуге (мысалы, жұмыс орындарын жайластыру, мансаптық өсу мүмкіндіктері, еңбек ресурстарының ұтқырлығы)
- Басқа Қызметкерлерге, сатып алушыларға және Іскер серіктестерге құрметпен қарауға.
- Кез келген қысым көрсету немесе кемсіту жағдайлары туралы өзінің тікелей басшысына немесе өз кәсіпорнының персоналды басқару қызметінің мамандарына хабарлауға.
- Кодекстің талаптары ұлттық заңнаманың ережелеріне, елдің салт-дәстүріне қайшы келетін жағдайларда ең қолайлы әрекеттерді анықтау үшін өз басшыңызға және Компанияның заң кеңесшісіне кеңес алу үшін жүгінуге.

ЕШҚАШАН:

- Басқа адамдардың қадір-қасиетін кемсітпеуге және қорламауға.
- Орынсыз әзілдер мен пікірлерге жол бермеуге, қорлау сипатындағы материалдарды немесе бейнелерді көрсетпеуге.

8. ӨНЕРКӘСІП ҚАУІПСІЗДІГІ, ЕҢБЕКТІ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

ERG өз Қызметкерлері, мердігерлері мен Іскер серіктестері үшін денсаулыққа қауіпсіз және қолайлы еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге, сондай-ақ Компания кәсіпорындары орналасқан өңірлердің қоршаған ортасы мен тұрғындарына ақылға қонымды және іс жүзінде жүзеге асырылатын шамада қолайсыз әсердің алдын алуға ұмтылады. ERG өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы қолданыстағы заңнаманың талаптарын сақтайды.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МЫНАЛАРҒА МІНДЕТТІ

ӘРҚАШАН:

- Барлық қолданылатын заңдарды және өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ Компанияның өнеркәсіп қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясаттары мен рәсімдерін сақтауға.
- Жұмыстарды қауіпсіз орындауға қажетті және ERG ұсынатын барлық арнайы қорғаныс киімдері мен қорғаныс құралдарын пайдалануға, сондай-ақ өндіруші мен ERG-дің оларды пайдалануға қатысты берген нұсқауларын орындауға.
- Қауіпсіздік техникасын, өндірушілердің нұсқаулықтарын және басшылықтың нұсқауларын сақтай отырып, жабдықты саналы басқаруға.

- Өнеркәсіп қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы тәуекелдермен байланысты немесе туындауы мүмкін кез келген жағдай туралы басшыларға дереу хабарлауға.
- Қалдықтармен және қауіпті материалдармен заңнаманың, өндірушілердің талаптарына және Компанияның ішкі рәсімдеріне сәйкес жұмыс істеуге.

ЕШҚАШАН:

- Жұмыс орнында алкогольдік немесе есірткі пайдаланып, мас күйінде болмауға.
- Денсаулыққа, өмірге немесе қоршаған ортаға қауіп төндіретін, сондай-ақ қажетті дайындық деңгейі болмаған кезде немесе денсаулық жағдайы мүмкіндік бермейтін немесе қажетті шоғырлану деңгейі болмаған жағдайда міндеттерді орындамауға.
- Қауіпті әрекеттер жасамауға.

9. АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ

ERG-дің адам құқықтарын қорғау қағидаттарына бейілділігі Адам құқықтарын сақтау саясатында баяндалған. Адам құқықтарын құрметтеу Компанияның басты құндылықтарының және Компанияның кәсіпорындары орналасқан өңірлердегі жергілікті қоғамдастықтардың экологиялық тұрақтылығы мен орнықты дамуы саласындағы міндеттемелерінің негізінде жатыр. ERG-дің адам құқықтарына көзқарасы БҰҰ-ның Адам құқықтары аспектісіндегі кәсіпкерлік қызметтің басшылық қағидаттары, ЭЫДҰ-ның көпұлтты кәсіпорындарға арналған басшылық қағидаттары, Заманауи құлдық туралы заң (Ұлыбритания), Қауіпсіздік және адам құқықтарына қатысты ерікті қағидаттар және Құқық тәртібін сақтау жөніндегі лауазымды тұлғалардың күш пен атыс қаруын қолдануының негізгі қағидаттары сияқты адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттарға қосымша Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясына (1948ж.) және БҰҰ-ның, Халықаралық еңбек ұйымының және Еуропалық Одақтың кейінгі конвенциялары мен негізгі келісімдеріне негізделген. ERG адам құқықтары саласындағы халықаралық конвенциялар мен стандарттарды ұстанады және біздің қызметімізбен немесе онымен байланысты көрсетілетін адам құқықтарына ықтимал жағымсыз әсерлерді анықтау, алдын алу және азайту қамында жүйелі жұмыс жүргізеді.

ERG-де еңбек туралы қолданылатын заңнаманың барлық нормалары сақталады және мәжбүрлі, міндетті, балалар еңбегін пайдалануға тыйым салынады.

Компания өз қызметінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және мемлекеттік және жеке күзет ұйымдарымен өзара іс-қимыл жөніндегі процестердің ұлттық заңнама талаптарына және халықаралық стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз етуге ұмтылады.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МЫНАЛАРҒА МІНДЕТТІ

ӘРҚАШАН:

- ERG-дің қызметі жүзеге асырылатын әр елдің және өңірлердегі қауымдастықтардың құқықтарын, мәдениетін, мұрасы мен әдет-ғұрыптарын құрметтеуге.
- Компания қызметінің адам құқықтарына әсерін ескеруге және халықтың оңтайлы игіліктерге ие болуын қамтамасыз ету және жергілікті халыққа және жалпы ұлттық экономикаға теріс

әсерін азайту мақсатында Компания бизнес жүргізетін өңірлердің жергілікті қоғамдастықтарымен өзара іс-қимыл жасауға ықпал етуге.

- Компанияның адам құқықтары саласындағы, оның ішінде жұмысқа қабылдаудың әділ тәжірибесі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, бизнес пен әлеуметтік саланы дамыту, мемлекеттік және жеке күзет ұйымдарының көрсетілетін қызметтерін пайдалану саласындағы әлеуетті тәуекелдерін түсінуге. Іскер серіктестердің Компанияның стандарттарын сақтауына көз жеткізуге.
- Ереже бұзушылықтар туралы хабарлау рәсіміне сәйкес ERG-дің қызметіне байланысты адам құқықтары саласындағы кез келген ықтимал қолайсыз әсерлер немесе оқиғалар туралы хабарлауға (Кодекстің 17-бөлімі).

ЕШҚАШАН:

- Қызметкерлердің кәсіподақтар құру, оларға кіру немесе кіруден тартыну құқықтарын шектемеуге, сондай-ақ ұжымдық келіссөздер жүргізу құқықтарына шек келтірмеуге.
- Бала еңбегін, мәжбүрлі немесе міндетті еңбекті немесе адам саудасы көзі болып табылатын адам ресурстарын пайдаланатын немесе пайдалануға қатысы бар жеткізушілермен ынтымақтаспауға.
- ERG-ге қызмет көрсету үшін мемлекеттік немесе жеке күзет агенттіктерін олардың Қауіпсіздік және адам құқықтарына қатысты ерікті қағидаттарына бейілділіктерін растамай, тартпауға.
- Адам құқықтарына байланысты ықтимал мәселелерді жасырмауға.

ERG Қызметкерлерінің немесе Іскер серіктестерінің қатысуымен болған адам құқықтары саласындағы оқиғалар туралы Кодекстің 17-бөліміне сәйкес хабарлау қажет. Адам құқықтары саласындағы барлық оқиғалар Компанияның оқиғаларды тергеп-тексеру жөніндегі рәсімдеріне сәйкес тіркелуге және тексерілуге жатады. Компанияның Адам құқықтарын сақтау саясатын бұзған кез келген Қызметкерге немесе Іскер серіктеске, тәртіптік жазалау шаралары, оның ішінде азаматтық-құқықтық немесе қылмыстық жауапқа тартумен қатар, жұмыстан босату немесе шартты бұзу (тиісінше) қолданылуы мүмкін.

Бөлімге комплаенс саясат:

- Адам құқықтарын сақтау саясаты

АҚПАРАТ

10. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ҚОРҒАУ

ERG-дің Қызметкерлері мен үшінші тұлғаларынан алынатын дербес деректер қолданыстағы заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ Компанияның саясаттары мен рәсімдеріне сәйкес рұқсатсыз қол жеткізуден және ашудан, ұрлықтан және зақымданудан қорғалуы керек.

ERG Қызметкерлері мен үшінші тұлғаларының дербес деректері қажетті қорғау шараларын сақтай отырып, тиісті түрде сақталуы тиіс. Компания және оның Қызметкерлері дербес деректерді қорғау саласындағы қолданыстағы заңнаманың ережелерін бұза отырып, қандай да бір жеке тұлғаға немесе ұйымға дербес деректерді ашпауға тиіс. Ақпаратты ашуға жол беріле ме және оны

кімге беруге болады деген күдік туындаған жағдайда, кеңес алу үшін заң кеңесшісіне, деректерді қорғауға жауапты маманға немесе Компанияның комплаенс жөніндегі маманына жүгіну керек.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МЫНАЛАРҒА МІНДЕТТІ

ӘРҚАШАН:

- Дербес деректерді қорғау саласында қолданылатын барлық заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарын, сондай-ақ Компанияның саясаттары мен рәсімдерін, атап айтқанда, Дербес деректерді қорғау туралы саясатын сақтауға.
- ERG Қызметкерлерінің және үшінші тұлғалардың дербес деректерін деректерді қорғау саласындағы барлық қолданыстағы заңдарға сәйкес тиіссіз немесе рұқсатсыз пайдаланудан немесе ашудан қорғауға.

ЕШҚАШАН:

- Мұндай ақпаратты алуға уәкілеттік берілмеген, заң немесе сот шешімі бойынша оған құқығы жоқ қандай да бір жеке тұлғалар мен ұйымдарға дербес деректерді ашпауға.

Қызметкерлердің жеке өміріне қол сұқпауды сақтау мақсатында Компания қолданыстағы заңнамамен, Компанияның саясаттарымен және рәсімдерімен рұқсат етілген дәрежеде Компанияның мүлкін (мысалы, компьютерлер, электрондық пошталар, телефондар, коммерциялық құпияны құрайтын ақпарат және т. б.) пайдалануды бақылау құқығын өзіне қалдырады.

Бөлімге комплаенс саясат:

- Дербес деректерді қорғау саясаты

11. ҚҰПИЯ АҚПАРАТТЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫ ЖІКТЕУ

ҚҰПИЯ АҚПАРАТ

ERG-дің құпия ақпараты:

- құпия сипатқа ие немесе жалпыға қолжетімді болып табылмайтын; немесе
- компания құпия деп анықтаған және:
 - техникалық, әкімшілік, экономикалық, қаржылық, коммерциялық немесе заңды сипаттағы, мысалы, сатуға, кірістерге, баланстық есепке, кірістер мен шығындар туралы есепке және т.б. қатысты бизнес-болжамдар мен қаржылық ақпарат;
 - оған Компанияның немесе оның үлестес тұлғаларының қандай да бір зияткерлік меншік құқықтары қолданылатын немесе жататын;
 - жария болып табылмайтын және бизнес-жоспарларды, кәсіпкерлік қызмет стратегиясын немесе қайта құрылымдау стратегиясын қоса алғанда, Компанияның немесе оның үлестес тұлғаларының қызметіне жататын ақпаратты қамтиды, бірақ олармен шектелмейді.

АҚПАРАТТЫ ЖІКТЕУ

ERG-мен немесе ERG үшін жиналатын немесе жасалатын барлық ақпарат Ақпаратты жіктеу саясатына сәйкес басқарылу қажет.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МЫНАЛАРҒА МІНДЕТТІ

ӨРҚАШАН:

- егер, үшінші тұлғаларға құпия немесе басқа да сезімтал ақпарат беру жоспарланса, онда мұндай тұлғалардан жарияламау туралы келісімге қол қоюды талап етуге.
- Құпия ақпаратты сақтау, беру және өңдеу кезінде сақ болуға. Құпия ақпарат қауіпсіз және қорғалған жерде сақталуы керек, оны ұрлауға, бүлдіруге немесе оған уәкілетті емес адамдар қол жеткізе алатын жерде қалдыруға болмайды (мысалы, Қызметкердің көлігінде).
- Қоғамдық орындарда құпия ақпаратты талқылаудан аулақ болуға және құпия ақпаратты, оның мазмұны басқаларға естілетін немесе көрінетін жерде көрмеуге.

ЕШҚАШАН:

- Өзінің жұмысқа орналасуы кезеңінде немесе еңбек шарты бұзылғаннан кейін де Компаниядан тыс жерде құпия ақпаратты немесе сезімтал/коммерциялық ақпаратты ашпауға.
- ERG-ге тиесілі емес жабдықты Компанияның жүйелеріне қоспауға және ERG жүйелеріне рұқсатсыз қандай да бір бағдарламалық жасақтаманы жүктемеуге.
- Бағдарламалық жасақтамаға зияткерлік меншік құқықтарын және лицензиялық келісімдерді бұзбауға.

Ақпараттың сипатына немесе оны ашу тәртібіне қатысты күмән туындаған жағдайда, кеңес алу үшін Компанияның заң кеңесшісіне немесе комплаенс жөніндегі маманына жүгіну керек.

Бөлімге комплаенс саясаттар:

- Коммуникация және ақпаратты ашу қағидалары туралы саясат
- Ақпаратты жіктеу саясаты

12. БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

ERG-дің бухгалтерлік есебінің, сондай-ақ ішкі және сыртқы қаржылық есептілігінің дәйектілігі өте маңызды.

Компанияның активтерін қорғау және оларды заңсыз пайдаланудың алдын алу мақсатында ERG-дің заңнамасы мен саясаттарының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету үшін ішкі бақылау жүйелерін қолдайды. Бұдан бөлек, ERG өзінің операциялары мен Компанияның басқа да қызметтерінің тиісті авторизациялануын қамтамасыз етеді.

ERG-дің барлық операциялары тиісті түрде авторизацияланған, дәл, нақты және уақтылы құжатталған болуы керек.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МЫНАЛАРҒА МІНДЕТТІ

- Тиісті өкілеттік деңгейі бар тұлғадан операцияны жүзеге асыруға рұқсат алуға.
- Компанияның барлық материалдық объектілерінің, зияткерлік меншігінің, қаржылық және басқа активтерінің сақталуын қамтамасыз етуге.

Қаржылық есептілікті қалыптастыру процесіне тартылған Қызметкерлер

ӘРҚАШАН:

- Компанияның бухгалтерлік есеп саласындағы есеп саясаты мен рәсімдерін, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметті жүргізуге байланысты операциялар, бағалар, болжамдар мен шығыстар туралы бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік саласындағы тиісті қағидаттарды, стандарттарды, заңдарды және өзге де нормативтік құқықтық актілерді сақтауға.
- Бухгалтерлік кітаптарға жазбаларды уақтылы, дәл және толық көлемде енгізуге, бухгалтерлік есепті, қорларды, операцияларды есепке алуды және ERG-дің барлық операцияларын көрсететін және растайтын өзге де құжаттаманы жүргізуге.
- Қаржылық есептіліктің қандай да бір жалған немесе күмәнді ақпаратсыз, тиісті жасалуын қамтамасыз етуге.
- Үшінші тұлғалармен барлық операцияларды нақты және тиісті түрде көрсететін растаушы құжаттармен есептілікті толықтыра отырып, барлық кірістер мен шығыстар есебін барынша нақтылықпен және толық жүргізуге.
- Басшылыққа уақтылы және объективті бағалар мен болжамдар ұсынуға.
- Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік деректерінің уақтылы, дәйектілігін және толықтығын қамтамасыз етуге, сондай-ақ тиісті саясаттарда, рәсімдер мен стандарттарда баяндалғандай, Компания активтерінің сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған бақылау шараларын қолдануға.
- Компанияның заң кеңесшісінің нұсқаулықтарына сәйкес ағымдағы немесе күтілетін сот талқылауларына, аудиторлық тексерулерге немесе тергеп-тексерулерге қатысты құжаттар мен есепке алу деректерін сақтауға.

ЕШҚАШАН:

- ERG-дің бухгалтерлік есебі мен қаржылық есептілігіндегі дәйексіз немесе жаңылыстыратын деректердің мазмұнына әкелуі мүмкін ешқандай іс-әрекеттер жасамауға.
- Тиісті рұқсатсыз немесе Компанияның қолданыстағы заңнамасын, саясаттары мен рәсімдерін бұза отырып, есепке алу құжаттамасына өзгерістер енгізбеуге және жоюға.
- Бухгалтерлік кітаптарды, операциялар жазбаларын немесе Компанияның шоттары бойынша бөлуді бұрмаламауға, сондай-ақ жеке шығыстар туралы жалған ақпараты бар есептерді немесе Компанияның қызметіне қатысы жоқ жеке шығыстарды өтеу туралы талаптарды ұсынбауға.
- Үшінші тұлғалармен операциялар жүргізуді жасыру мақсатында мұндай операциялар заңды болып табылатынына немесе табылмайтынына қарамастан, Компанияның бухгалтерлік кітаптарынан тыс шоттар немесе төлемдер жазбасын жүргізбеуге.

ІСКЕР СЕРІКТЕСТЕР

13 БӘСЕКЕЛЕСТІК

ERG өзінің коммерциялық мақсаттарына қол жеткізуге ұмтыла отырып, бәсекелестікке адал және Компанияның қызметі жүзеге асырылатын елдерде қолданылатын тиісті монополияға қарсы заңнаманың және бәсекелестікті қорғау туралы өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтай отырып, қатысады.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МЫНАЛАРҒА МІНДЕТТІ

ӘРҚАШАН:

- Монополияға қарсы заңнамаға және бәсекелестікті қорғау туралы заңнамаға сәйкестікті қамтамасыз ету саясатының, қолданылатын монополияға қарсы заңнаманың және бәсекелестікті қорғау туралы өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтауға.
- Сыртқы тараптармен баға ұсынысын, тендерге қатысуды, баға белгілеуді, сатып алушылар мен жеткізушілер туралы мәліметтерді немесе маркетинг пен өндіріс саласындағы мақсаттарды талқыламас бұрын, күмән туындаған кезде кеңес алу үшін Компанияның заң кеңесшісіне немесе комплаенс жөніндегі маманына хабарласуға.

ЕШҚАШАН:

- Халықаралық мәселелер немесе ұлттықтан жоғары реттеу мәселелері жағдайында Топтың заң кеңесшісінің немесе бас заң кеңесшісінің мақұлдауынсыз монополияға қарсы органдармен талқылауларға қатыспауға.
- Бәсекелестермен баға белгілеу (коммерциялық құпияны құрайтын ақпарат алмасуды қоса алғанда, мысалы, несие беру және сату шарттары, сондай-ақ осындай ақпарат туралы уағдаластыққа қол жеткізу), баға ұсыну немесе маркетингтік қадамдар, бағаларды шектеу, өндіру немесе өткізу аумақтары, нарықты бөлу (сатып алушыларды немесе аумақтарды бөлуді қоса алғанда) немесе өнімді немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алу жөніндегі эксклюзивті міндеттемелер туралы шарттар немесе өзге де келісімдер (айқын нысанда немесе түспалданатын) жасаспауға және ұсынбауға.

Бөлімге комплаенс саясаттар:

- Монополияға қарсы заңнамаға және бәсекелестікті қорғау туралы заңнамаға сәйкестікті қамтамасыз ету саясаты

14. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САУДА, ЭКСПОРТТЫҚ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ САНКЦИЯЛАР

ERG экспорттық бақылау саласында қолданылатын халықаралық сауда заңнамасын және барлық қолданылатын санкциялық бағдарламаларды сақтауға міндетті. ERG қолданылатын санкциялық бағдарламаларды толық сақтайды және іскери қатынастары қолданылатын санкциялық бағдарламалардың қағидаларын бұзатын жеке немесе заңды тұлғалармен ынтымақтаспайды.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МЫНАЛАРҒА МІНДЕТТІ

ӘРҚАШАН:

- Халықаралық сауда және экспорттық бақылау саласында қолданылатын барлық заңдарды және өзге де нормативтік құқықтық актілерді білуге және сақтауға.
- ERG-дің Халықаралық экономикалық санкциялар талаптарының сақталуын қамтамасыз ету саясатында баяндалған қағидаларды, сондай-ақ Компанияның басқа да саясаттары мен рәсімдерін және қолданылатын стандарттарды сақтауға.
- Контрагенттерге, олардың Топ сақтайтын санкциялар тізіміне кіргізілмегеніне немесе оларға қарсы өзге шектеу шаралары енгізілмегеніне көз жеткізу үшін тиісті кешенді тексеру жүргізуді қамтамасыз етуге.

- Сату көлемі, тиіп-жөнелту және төлемдер туралы деректерді қоса алғанда, импортталатын және экспортталатын тауарлар мен қызметтер туралы операциялар жазбаларының дәлдігін қамтамасыз етуге.

ЕШҚАШАН:

- Коммерциялық операциялары қолданыстағы санкциялық бағдарламаларды бұзатын жеке немесе заңды тұлғалармен шарттар жасаспауға, тауарлар бермеуге және оларға төлемдерді жүзеге асырмауға және мұндай тұлғалардан тауарлар немесе төлемдерді қабылдамауға.
- Өнімнің шығу тегі немесе оның соңғы тұтынушылары туралы ақпаратты жасырмауға.

Бөлімге комплаенс саясат:

- Халықаралық экономикалық санкциялар талаптарының сақталуын қамтамасыз ету саясаты

15. АҚША ҚАРАЖАТЫН ЖЫЛЫСТАТУҒА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

ERG қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласында қолданылатын заңдарды және өзге де нормативтік құқықтық актілерді сақтауға міндеттенеді. ERG тек жақсы беделге ие, заңды көздерден алынған ақшаны пайдалана отырып, заңды кәсіпкерлік қызметпен айналысатын Іскер серіктестермен ынтымақтасады.

Компанияның бизнесін ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру құралы ретінде пайдалану мүмкіндігінің тәуекелін азайту мақсатында ERG тәуекелдерді бағалауға негізделген контрагенттерге кешенді тексеру жүргізеді.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МЫНАЛАРҒА МІНДЕТТІ

ӘРҚАШАН:

- ERG-дің контрагенттерін кешенді тексеру рәсімін сақтауға.
- ERG Іскер серіктестерінің заңды көздерден алынған ақшаны пайдалана отырып, заңды кәсіпкерлік қызметпен айналысатындарына көз жеткізу үшін олар туралы ақпаратты жинауға және талдауға.
- Мұқият болуға және бұзушылықтар туралы хабарлау рәсіміне сәйкес ақша қаражаттарын жылыстатудың және басқа да заңсыз әрекеттердің кез келген ықтимал жағдайлары туралы хабарлауға (Кодекстің 17-бөлімі).

ЕШҚАШАН:

- Компанияның заң қызметі мен комплаенс қызметінің тиісті келісімінсіз қандай да бір іскерлік қатынастарға түспеуге.
- Контрагент қызметінің шынайы сипатын немесе коммерциялық операция үшін қаражат көзін жасырмауға.

Бөлімге комплаенс саясат:

- Ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл саясаты

16. КОНТРАГЕНТТЕРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУ ЖӘНЕ КҮДІКТІ ОПЕРАЦИЯЛАР ТУРАЛЫ ХАБАРЛАУ

ERG-дің барлық коммерциялық операциялары, соның ішінде сатып алушылармен, тапсырыс берушілермен, жеткізушілермен, агенттермен, делдалдармен және кез келген басқа үшінші тұлғалармен заңды болуы тиіс. ERG Компанияның кіммен ынтымақтасатынын түсіну үшін барлық әлеуетті контрагенттерге, сондай-ақ нақты контрагенттерге (тұрақты негізде) қатысты тәуекелдерді бағалауға негізделген кешенді тексеру жүргізеді.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МЫНАЛАРҒА МІНДЕТТІ

ӘРҚАШАН:

- Компанияның әлеуетті немесе нақты контрагенттеріне қатысты, олармен ынтымақтастықты бастамас бұрын, комплаенс-тәуекелдерге және басқа да «қызыл жалауларға» ERG-дің рәсімдеріне сәйкес кешенді тексеру жүргізу арқылы бағалау жүргізуге (Топтың контрагенттерін кешенді тексеру жөніндегі нұсқаулық).
- Айтарлықтай иелену үлесі бар меншік иелері, қатысушылар (акционерлер) және түпкі бенефициарлық меншік иелері туралы ақпаратты қоса алғанда, контрагенттер туралы олардың қызметінің шынайы сипатын тиісінше сәйкестендіру және түсіну мақсатында жеткілікті ақпарат алуға.
- Компанияға әсер етуі мүмкін экономикалық, саяси санкцияларды, елеулі және басқа да тәуекелдерді ескеруге. Олар бастамашылық ететін, қарайтын немесе бекітетін шарттардың Компания саясаттарының, атап айтқанда, Парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының, Халықаралық экономикалық санкциялар талаптарының сақталуын қамтамасыз ету саясатының, Ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл саясатының, Агенттердің корпоративтік нормалар мен ережелерді сақтауын қамтамасыз ету саясатының, Адам құқықтарын сақтау саясатының және Монополияға қарсы заңнама мен бәсекелестікті қорғау туралы заңнамаға сәйкестігін қамтамасыз ету саясатының ережелеріне сәйкестігін қамтамасыз етуге.
- Барлық әлеуетті жеткізушілердің ERG-дің корпоративтік тәртіп кодексін және ERG жеткізушілерінің тәртіп кодексін алғанына және олардың қағидаттарын ұстануға келісетініне көз жеткізуге.
- Контрагенттерге төлемдерді тауарлар немесе қызметтер көрсетілетін немесе контрагенттің заңды мекенжайы тіркелген немесе оның кәсіпкерлік қызметі жүзеге асырылатын елдегі, олардың атына ғана жүзеге асыруға.
- Ерже бұзушылықтар туралы хабарлау рәсіміне сәйкес қолданыстағы заңнаманы, Кодексті немесе Компанияның саясаттарын бұзу туралы күдік туындайтын нақты немесе ықтимал коммерциялық операцияларды анықтауға және хабарлауға (Кодекстің 17-бөлімі).

ЕШҚАШАН:

- Компанияның заң қызметі мен комплаенс қызметінің тиісті келісімінсіз, қандай да бір іскер қатынастарға түспеуге.
- Контрагент қызметінің немесе онымен қарым-қатынастың шынайы сипатын жасырмауға.
- Кодекске, Компанияның саясаттары мен рәсімдеріне, қолданылатын заңдарға немесе өзге де нормативтік құқықтық актілерге қайшы келетін қандай да бір іскер қатынастарға түспеуге.

Бөлімге комплаенс саясаттар:

- Парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты
- Халықаралық экономикалық санкциялар талаптарының сақталуын қамтамасыз ету саясаты
- Ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл саясаты
- Агенттердің корпоративтік нормалар мен ережелерді сақтауын қамтамасыз ету саясаты
- Адам құқықтарын сақтау саясаты
- Монополияға қарсы заңнаманы және бәсекелестікті қорғау туралы заңнаманы қамтамасыз ету саясаты
- ERG жеткізушілерінің тәртіп кодексі

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

17. БҰЗУШЫЛЫҚТАР ТУРАЛЫ ХАБАРЛАУ

ERG Қызметкерлерінде басқа Қызметкердің немесе Іскер серіктестің осы Кодекстің қандай да бір ережесін, қолданылатын заңдардың немесе өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарын бұзатыны немесе бұзғаны туралы алаңдауға немесе күдік туғызуға қандай да бір негіздер пайда болған жағдайда, бұл туралы ERG-ге келесі арналар арқылы:

- өзінің тікелей басшысына;
- жоғары деңгейдегі басшыға;
- комплаенс жөніндегі маманға;
- Компанияның заң кеңесшісіне тікелей хабарлауы керек.

Осы арналар арқылы берілген мәліметтер құпия тәртіппен қаралатын болады, бұл ретте ақпаратпен алмасу Компанияға мұқият тексеру жүргізуге және ереже бұзушылықтың салдарын жоюға жәрдемдесу мақсатында қажеттілігіне қарай ғана жүзеге асырылатын болады.

Барлық Қызметкерлер тиісті нұсқауларды алған кезде қолданылатын заңнаманы, Кодекстің ережелерін немесе Компанияның басқа да саясаттарын сақтауға қатысты мәселелер бойынша тексеру жүргізуде ERG-ге толық жәрдем көрсетуге тиіс.

Жалған ақпаратты қамтитын мәліметтерді хабарлау осы Кодексті бұзу болып табылады. Мұндай ереже бұзушылықтар немесе келіп түскен өтінішті тексеру кезінде ынтымақтастықтан бас тарту өте байыпты қабылдануы керек, өйткені көрсетілген іс-әрекеттер тәртіптік жазаны қолдануға әкелуі мүмкін.

ERG осы Кодекстің және/немесе қолданылатын заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің болжамды бұзылуы туралы адал ниетпен хабарлаған кез келген тұлғаны қудалауға қатаң тыйым салады және оған жол бермейді. Кез келген осындай қудалау немесе тіпті қудалау қаупі Кодексті бұзу болып саналады және тәртіптік жаза қолдануға әкеледі.

ЖЕДЕЛ ЖЕЛІГЕ ЖҮГІНУ

Қызметкерлер

Егер қандай да бір себептермен ERG Қызметкері жоғарыда көрсетілген арналардың біріне жол берілген немесе күдікті бұзушылық туралы мәліметтерді беру кезінде өзін жайлы сезінбесе, онда оған сыртқы Жедел желіге жүгіну керек. ERG-дің жедел желісі тәуелсіз оператор қызмет

көрсететін және аптасына жеті күн тәулік бойы жұмыс істейтін толық құпия байланыс арнасы болып табылады.

ERG-дің жедел желісіне бұзушылық туралы хабарлаушы Қызметкерлер оқиға туралы ақпараттың тиісті тексеруге қажетті жеткілікті көлемде берілетініне көз жеткізулері керек. Компанияның егжей-тегжейлері жеткіліксіз анонимді шағымдарды тексеру кезінде мүмкіндіктері шектеулі болады, өйткені оның ERG жедел желісіне анонимді түрде хабарласқан тұлғалармен байланысу мүмкіндігі болмайды.

Бұзушылық туралы ERG-дің жедел желісіне:

- Жедел желі сайтында (<https://erg.integrityline.org>)
- Жедел желі телефоны бойынша хабарлауға болады (нөмірлер тізімі <https://erg.integrityline.org> сайтында көрсетілген)

Үшінші тұлғалар

ERG-дің Іскер серіктестері немесе кез келген басқа үшінші тұлғалар, сондай-ақ Қызметкердің немесе Іскер серіктестің осы Кодекстің қандай да бір ережесін, қолданылатын заңдардың немесе өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарын бұзатыны немесе бұзғаны туралы алаңдаушылық немесе күдік тудырған жағдайда ERG-дің жедел желісін пайдалануы керек.

Бұзушылық туралы ERG-дің жедел желісіне:

- Жедел желі сайтында (<https://erg.integrityline.org>)
- Жедел желі телефоны бойынша хабарлауға болады (нөмірлер тізімі <https://erg.integrityline.org> сайтында көрсетілген)

18. ТАЛАПТАРДЫ САҚТАМАУ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕ ЖАҒДАЙЛАР

ТАЛАПТАРДЫ САҚТАМАУ

ERG осы Кодекстің кез келген бұзушылықтарына жауапты қарайды. Қызметкерлердің Кодексті немесе Компанияның қандай да бір саясаты мен рәсімдерін сақтамауы елеулі теріс тәртіп болып табылуы және жұмыстан шығарылуына әкеп соғуы мүмкін.

Егер Кодекстің ережелерін сақтамау құқық бұзушылық белгілерін де қамтыса, Қызметкер қолданыстағы заңнамаға сәйкес қылмыстық немесе азаматтық-құқықтық жауаптылыққа тартылуы және айыппұл, түрмеге қамалу немесе залалды өтеу түрінде жазалануы мүмкін.

Тәртіптік жаза қолдануға әкеп соғуы мүмкін лайықсыз тәртіп мысалдары:

- Компанияның саясатын бұзатын іс-әрекеттер;
- Басқа тұлғаларды Компанияның саясатын бұзуға итермелеу;
- Компания саясатының анықталған немесе күдікті бұзылғаны туралы уақытылы хабарламау;
- Компания саясатының ықтимал бұзушылықтарын тексеруде көмек көрсетпеу.

ЕРЕКШЕ ЖАҒДАЙЛАР

Осы Кодекстің кез келген ережесінен бас тартуға, егер қалыптасқан жағдайларда мұндай тәртіп толық ақталған болып табылса және осындай мән-жайлар туындағанға дейін қағидалардан алып тастауға тиісті сұрау Топтың комплаенс жөніндегі басшысының және Топтың бас заң кеңесшісінің атына жіберілген жағдайда ғана жол беріледі.

Компанияның жоғары буын басшылары үшін осы Кодекстің ережелеріне ерекше жағдайларды тек Менеджерлер кеңесі жанындағы Комплаенс комитеті ғана рұқсат бере алады.

ERG сатып алған барлық жаңа заңды тұлғалар қысқа мерзімде ERG-дің Кодексі мен саясаттарын қабылдауы керек. Бұл ретте, ERG-дің Кодексі мен саясаттары қабылдағанға дейін олардың өз кодекстері мен саясаттары күшінде қалады.

Компания ERG-дің корпоративтік тәртіп кодексін кемінде екі жыл сайын қайта қарап, қажет болған жағдайда тиісті өзгерістер енгізуге тиіс.